ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 13 қазан №4360-23-00-2/2186 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А. Әбілқайысқызы,
сот отырысының хатшылығында Г. Таженованың отыруымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысы әкімі аппаратының «Жұмылдыру және шұғыл жұмыстар орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Айдын Строй» - Макпал Койшыбаевна Оспанова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор М. Тұрғанбекұлы
талап қоюшының өкілі А. Сансызбаева

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Талап қоюшы (Тапсырыс беруші) мен жауапкер (Орындаушы) 2023 жылғы 14 шілдеде №194 құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шартын (бұдан әрі - Шарт) жасаған.

Шарттың 3.1-тармағына және 1-қосымшаға сәйкес, жауапкер жалпы сомасы 3 057 600 теңгеге Байконур қаласында, Жанқожа батыр көшесі 2 ғимаратын ағымдағы жөндеу жұмыстарын Шарт күшіне енген күннен бастап (шарт қазынашылық органда 2023 жылы 17 шілдеде хабарламасымен тіркелген) күнтізбелік 45 күн ішінде, яғни 2023 жылғы 31 тамызға дейін орындауға міндеттенген.

Жауапкер өз тарапынан Шарт міндеттемелерін орындамаған, сол себепті талап қоюшы сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды және тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған талаппен жүгінген.

Сотта талап қоюшының өкілі талап қою уәждерін қуаттап, қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысының орны мен уақыты тиісті түрде хабарланғанымен жауапкер сот отырысына қатыспады, өзінің келмей қалуының дәлелді себептерін хабарламады, сотқа талапқа қарсы дәлелдемелерді ұсынбады және істі өзінің қатысуынсыз қарауды сұрамады. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі-АПК) 196-бабы негізінде сот жауапкердің келмеу себептерін дәлелсіз деп танып, істі оның қатысуынсыз қарауды мүмкін деп тапты.

Прокурор талап қоюды қанағаттандыру туралы қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап қою бойынша.

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің (бұдан әрі-АК) 272, 273-баптарына сәйкес, міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуғы тиіс. Заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

АК-ң 349-бабының 1-тармағына сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

АК-нің 386-бабының 1-тармағына сәйкес шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабы 4-тармағының 3-тармақшасының, 38-бабы 4-тармағына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын беруі оның мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, тауарды беруді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісім білдіру нысаны болып табылады.

Сот, талап қоюшы өкілінің түсінігін және прокурордың қорытындысын тыңдап, азаматтық іс материалдарын зерттеп, дауды шешу үшін маңызды мән-жайларды анықтап, келесі қорытындыға келеді.

Іс құжаттарынан анықталғандай, жауапкер Шарт міндеттемесін орындамаған.

Сондықтан сот талап қоюшының талабы шартпен, шарттың №1, №2 қосымшаларымен және жауапкердің өз міндеттемелерін мүлдем орындамауымен расталатындығын ескеріп, барлық жиналған дәлелдемелер

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайыскызы А., 20.10.2023
Заңды күшіне енген күні: 27.11.2023, судья Елшібеков Б. Е., 29.11.2023
4360-23-3-1/2367

жиынтығы азаматтық істі шешу үшін жеткіліктілігі тұрғысынан баға бере отырып, талап қоюшының талабы қанағаттандырылып, жауапкер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылуға жатады деп тұжырымдайды.

№2 талап қою бойынша.

АК-нің 293-бабына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады.

АК-нің 298-бабының талабына сай, міндеттемені бұзғаны үшін борышқор жауапқа тартылатын жағдай болған кезде міндеттеменің орындалмағаны немесе тиісінше орындалмағаны үшін айып өндіріп алынады.

Шарттың 8.3.-тармағына сәйкес, жұмыстарды орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушы міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда Орындаушыдан мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалады (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімақының) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 % артық болмауы тиіс.

Талап қоюшы жауапкерден шарт бойынша 2023 жылдың 31 тамызы мен 4 қыркүйек аралығында 12 230 (3 057 600 х 0,1% х 4 күн) теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Талап қоюшымен тұрақсыздық айыбы шарттың 8.3-тармағына сәйкес дұрыс есептелген, сондықтан жауапкерден мемлекеттік кірісіне 12 230 теңге тұрақсыздық айыбы өндірілуге жатады деп санайды.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден мемлекет пайдасына сот шығыны мемлекеттік баж сомасы 2 092 теңге өндірілуге жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда облысы әкімі аппаратының «Жұмылдыру және шұғыл жұмыстар орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Айдын Строй» жеке кәсіпкері атынан әрекет ететін Макпал Койшыбаевна Оспанова мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайыскызы А., 20.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 27.11.2023, судья Елшібеков Б. Е., 29.11.2023

Жауапкер «Айдын Строй» жеке кәсіпкер атынан әрекет етуші Макпал Койшыбаевна Оспановадан мемлекеттік кірісіне 12 230 (он екі мың екі жүз отыз) теңге тұрақсыздық айыбы және 2 092 (екі мың тоқсан екі) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Шешімге тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым беруі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **А.Әбілқайысқызы**

Көшірме дұрыс.

Төраға **Б.Е.Елшібеков**

Анықтама: Шешім заңды күшіне 27.11.2023 жылы енді.

Төраға **Б.Е.Елшібеков**

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайысқызы А., 20.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 27.11.2023, судья Елшібеков Б. Е., 29.11.2023

4360-23-3-1/2367